

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 214 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 372-қосымшада :

4 және 5-тармақтардағы "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияға" және "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясын" деген сөздер тиісінше "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға" және "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік" деген сөздердің алдынан "6" деген санмен толықтырылсын ;

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның" деген сөздер "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын :

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың офистерін ашу және ұстау: а. 6 орталық ; б . 7 филиал ; " ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын :

"8. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту".

1) о ф и с а ш у ж ә н е ұ с т а у :

а . 1 о р т а л ы қ ;

б . 2 ф и л и а л ;

2) мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау және олардың негізінде жаңа бәсекеге қабілетті өндірістер мен технологияларды дамыту, халықаралық стандарттарға негізделген кәсіпорындарда жаңа өндірістік және басқару технологияларын енгізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

3) жеке меншік отандық және шетелдік капиталдың қатысуымен бірлескен жобалар жасау және іске асыру жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

4) Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық парктің инженерлік инфрақұрылымын салу . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақта:

"Т і к е л е й н ә т и ж е д е " :

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының" деген сөздер "әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"16" деген сандар "9" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық парктің инженерлік инфрақұрылымын салу . " ;

"Қаржы-экономикалық нәтижеде:" және "Уақтылығында:" мемлекеттік тілдегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі